

Халықаралық маңыздағы мәртебесі бар теңіз порттарын ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық холдингтің, ұлттық компанияның акцияларын төлеуге беру қағидаларын бекіту және "Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік мүлікті ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық холдингтің, ұлттық компанияның акцияларын төлеуге беру қағидасы мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 қыркүйектегі № 1045 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 қарашадағы № 1431 Қаулысы.

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 2-тармағының 2-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Халықаралық маңыздағы мәртебесі бар теңіз порттарын ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық холдингтің, ұлттық компанияның акцияларын төлеуге беру қағидалары бекітілсін.

2. "Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік мүлікті ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық холдингтің, ұлттық компанияның акцияларын төлеуге беру қағидасы мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 қыркүйектегі № 1045 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2011 ж., № 53, 759-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік мүлікті ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық холдингтің, ұлттық компанияның акцияларын төлеуге беру қағидасы мен шарттары мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Осы Қафіда халықаралық маңыздағы мәртебесі бар теңіз порттарын Алушының акцияларын төлеуге беруге қолданылмайды.".

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2012 жылғы 12 қарашадағы  
№ 1431 қаулысымен  
бекітілген

Халықаралық маңыздағы мәртебесі бар теңіз порттарын ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық холдингтің, ұлттық компанияның акцияларын төлеуге беру

## **қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Халықаралық маңыздағы мәртебесі бар теңіз порттарын ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық холдингтің, ұлттық компанияның акцияларын төлеуге беру қағидалары Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне, "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы, "Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылғы 13 мамырдағы, "Мемлекеттік мұлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген және халықаралық маңыздағы мәртебесі бар теңіз порттарын (бұдан әрі – теңіз порттары) ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық холдингтің, ұлттық компанияның (бұдан әрі – алушы) акцияларын төлеуге беру тәртібін айқындайды.

2. Алушының акцияларын төлеуге берілетін теңіз портының мүлкін бағалау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

### **2. Теңіз порттарын алушылардың акцияларын төлеуге берудің тәртібі**

3. Меншік иесі (құқық иеленуші) Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Стратегиялық объектілер жөніндегі комиссияның жұмыс органына тізбесі мен қарау тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қазандығы № 1223 қаулысымен бекітілген Стратегиялық объектілер меншік иелерінің (құқық иеленушілердің) оқалтушы (конкурстық) басқарушылардың стратегиялық объектіге ауыртпалық салу не иеліктен шығару туралы өтініштерін қарау қағидаларымен айқындаған теңіз портын алушының акцияларын төлеуге беру мәселесі бойынша тиісті құжаттарды енгізеді.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы стратегиялық объектілер жөніндегі комиссияның қорытындысы оң болса:

1) республикалық меншіктегі теңіз порты берілген жағдайда – сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы уәкілетті орган Комиссия қорытындысы шығарылған күннен бастап бір ай ішінде теңіз портын алушының акцияларын төлеуге беру туралы Үкімет шешімінің жобасын дайындейды, ол мемлекеттік мұлікті басқару жөніндегі уәкілетті органмен (бұдан әрі – уәкілетті орган) және басқа да мүдделі органдармен келісілуге тиіс;

2) коммуналдық меншіктегі теңіз порты берілген жағдайда – жергілікті атқарушы орган теңіз портын республикалық меншікке Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы № 616 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік заңды тұлғаларға

бекітіліп берілген мемлекеттік мұлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидасымен белгіленген тәртіппен береді.

Кейіннен теңіз портын алушының акцияларын төлеуге беру осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Теңіз портын алушының акцияларын төлеуге беру туралы шешім қабылданғаннан кейін құнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде беретін және алатын тараптың уәкілетті лауазымды адамдары қол қоятын және уәкілетті орган мен сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы уәкілетті орган басшылары бекітетін теңіз портының мүлкін қабылдау-беру актісі (табыстау актісі) ресімделеді.

Қабылдау-беру актісі (табыстау актісі) мемлекеттік және орыс тілдерінде, қабылдау-беру актісін (табыстау актісін) ресімдеуге қатысатын тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан жасалады.